

Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

# ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 41 (1510)  
13 желтоқсан  
2013 жыл

# УНИВЕРСИТЕТІ

Аптамыз 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,  
ҚазҰУ ректоры


## АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚ, ЕЛІНІҢ БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТТЕР!  
СІЗДЕРДІ ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!**

Тәуелсіздік – сан ғасырлар бойы халқымыз аңсаған ұлы күн. Бұл – батыр бабаларымыздың алмас найзасымен, қасиетті қанымен келген киелі аманат. Бүгінгі аты әлемге танылған іргесі берік, мемлекеттігі бекем Қазақ елінің қол жеткен биік жетістіктері мен толағай табыстарының баршасы – Тәуелсіздік жемісі. Мемлекетіміздің осы тәуелсіздік алған 22 жыл ішінде халықаралық дәрежеде жоғары сатыдан көрініп, әлем елдеріне дамудың үлгісі ретінде танылуы – азаттық үшін қашан да аянбай күрескен халқымыздың асқақ рухы мен тегеурінді ерік-жігерінің арқасы. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан саяси бағыты айқын, қалыптасқан жаңа мемлекет ретінде ғаламдық өркениеттің ажырамас бөлігіне айналды.

Құрметті көпшілік қауым!

Егемендігіміздің мерекесін зор қуанышпен, шат көңілмен қарсы алу – баршамыздың перзенттік борышымыз. Бұл күннің қадірін терең түсіне отырып, оның теңдессіз құндылығын ұрпақ бойына үнемі сіңіруге міндеттіміз. Тәуелсіздіктің мерейін асқақтатып, студент жастардың ел ертеңіне деген жауапкершілігін арттыруда университеттің ұлағатты оқытушы қауымының үлесі зор. Тәлімгерлеріміз білім мен ғылым, әдебиет пен мәдениет, спорт саласындағы жетістіктерімен туған елге деген сүйіспеншілігін дәлелдеп келеді. Осы орайда «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі» деген Елбасының қанатты сөзі ойға оралады. Отанға деген шексіз сүйіспеншілігімізді іспен дәлелдеп, оның көркеюі жолында жұдырықтай жұмыла білейік! Тәуелсіздік мерекесінде ынтымағымыз арта берсін! Тәуелсіздік тұғыры берік болғай! Еліміздің әрбір шаңырағына амандық, береке-бірлік, биік жетістіктер тілеймін!



## ВУЗЫ ИОРДАНИИ – ПАРТНЕРЫ КАЗНУ

**В преддверии Дня Независимости РК и в рамках празднования 20-летия установления дипломатических отношений между Иорданским Хашимитским Королевством и Республикой Казахстан делегация КазНУ им. аль-Фараби, во главе с ректором академиком Г.Мутановым, посетила вузы Иордании.**

В ходе поездки ректор КазНУ Галым Мутанов и Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Иордании Булат Сарсенбаев встретились с президентами Иорданского университета Эхлейфом Тарауной, Университета Петра Аднаном Бадфаном, Иорданского университета науки и технологий Абдаллой Малькауи. На встречах были обсуждены вопросы межвузовского сотрудничества и обмена научно-практическим опытом.

Ректор КазНУ выступил перед преподавателями и студентами вузов Иордании с лекцией «Строительство университета мирового класса в Центральной Азии: на примере Казахского национального университета имени аль-Фараби». Опыт развития одного из старейших вузов Казахстана и Центральной Азии вызвал живой интерес у аудитории, в частности трансформация в исследовательский университет, успешная интеграция в международное научно-образовательное пространство и динамичное продвижение в мировых рейтингах.

Также в Иорданском университете состоялась торжественная церемония открытия культурного и научно-исследовательского центра аль-Фараби. Его миссия направлена на распространение казахской культуры в арабском мире, установление партнерских отношений и сотрудничества между образовательными учреждениями двух стран, формирование позитивного имиджа Казахстана на международной арене, проведение совместных научно-исследовательских работ.

Продолжение на 2 стр.



БҮГІНГІ САНДА:

КАФЕДРАЛАР  
САЙЫСЫ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ДИАЛОГ - РОМАН



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



7-бет



РЕКТОРАТ

# ТӘЛІМГЕРДІ ТӘЖІРИБЕ ШЫҢДАЙДЫ

Ғылым мен инновацияны алдыңғы сапқа шығара отырып, қарыштап дамып келе жатқан бүгінгі қоғамда білім беру ісіне қойылатын талап та бөлек. Жауапкершілігі мол бұл қызметті жоғары оқу орындары атқаратыны анық. Ел білімі мен ғылымының ордасы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы заман сұранысына сай түлек құзыреттілігін арттыру мәселесіне жіті көңіл бөліп келеді. Кезекті ректорат отырысында да білім беру ісінде аса маңызды мәнге ие тәлімгерлерді үздіксіз тәжірибелік дайындау тұжырымдамасы кеңінен талқыланды.

Мансап және бизнес орталығының директоры Қайыржан Саясатұлының хабарлауы бойынша, білім алушыларды үздіксіз тәжірибелік дайындау тұжырымдамасын іске асыру арқылы ҚазҰУ Қазақстан Республикасының даму стратегиясына және заманауи интеллектуалды талаптарға сай, халықаралық қағидаларға жауап беретін бәсекеге қабілетті маман даярлауды көздейді. ҚазҰУ түлегі өз саласы бойынша тек теориялық біліммен қаруланып қоймай, табысты мансапқа жету жолындағы қажетті машықтарды игеруі тиіс. «Теория-тәжірибе-мансап» тұжырымдамасын ұсынған орталық директоры университеттегі оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломдық кәсіби тәжірибе түрлерінің бүгінгі іске асырылу үдерісіне тоқталды. Ол студенттің тәжірибеден өту барысына және сапасына қадағалауды күшейту қажеттігін айтты. Себебі студент кәсіби практикадан өту арқылы теориялық білімін пысықтай отырып, тәжірибелік дағдылар мен машықтарды үйренумен қатар кәсіпорын, мекеме мен ұйымның озық тәжірибесін меңгеруі қажет. Бұл үшін орталық директорының айтуынша, білім алушының университетте оқыған жылдарында өткен барлық іс-тәжірибесінен хабар беретін жеке паспорты тәжірибеге енгізілмек. Сондай-ақ ол университет түлектері мен жұмыс берушілерді бір алаңға тоғыстыратын арнайы жүйенің әзірленіп жатқандығын да жеткізді.



Ғалым МҰТАНОВ,  
ҚазҰУ ректоры:

– Бұл – аса өзекті сұрақ. Егер түлектерімізге деген сұраныс артса, сәйкесінше университет рейтингісі де жоғары болмақ. Демек, университеттің білім беру кеңістігінде өзіндік бірегей орны бар. Озық университеттің дипломы түлекке де жарқын жол ашары даусыз. Сондықтан жұмыс берушілердің сеніміне ие болу аса маңызды. Біз студенттерге бейіміне қарай нақты жол сілтеуіміз қажет. Тәлімгердің бірін ғылым жолына – магистратура, докторантураға, екіншілерін өндіріске бағыттай білуіміз керек.

Мұхамбетқали БҮРКІТБАЕВ,  
Бірінші проректор:

– Қазіргі жұмыс берушілер категориясы сан алуан. Біз өз жұмысымызда, ең алдымен, ірі, халықаралық дәрежеде танымал жұмыс берушілерді есепке алуымыз шарт. Халықаралық рейтингтік агенттіктер солардың пікірімен санасады. Осы тұста біздің университет жайлы жылы пікір білдіріп, жоғары баға беретін жұмыс берушінің болғаны абзал. Мынадай бір ұтымды тәжірибені алға тартқым келеді. Мысалы, университетте өтетін ірі шараларға танымал жұмыс берушілерді шақырсақ. Олардың біз туралы түсінігін кеңейте отырып, жұмыс берушілермен жұмысты жандандыра түссек.



Дархан АХМЕД-ЗАКИ,  
Оқу жұмысы жөніндегі проректор:



–Бұл мәселеде жүйелік тәсіл керек. Бізге екі жүз және одан жоғары тәлімгер қабылдайтын жұмыс берушілермен байланыс орнату аса тиімді. Ол біз үшін ұжымдық тұтынушы болмақ.

Түлектерді есепке алуда өзара қарым-қатынас алаңы болып табылатын ІТ платформа құру маңызды екенін айтқым келеді. Оған кіруге біздің түлектерге рұқсат беріледі. Дәл осы түлектер мен жұмыс берушілердің бірлестігі жақсы нәтижелер беретіні сөзсіз. Сондай-ақ диплом қорғау жұмыстарына жұмыс берушілерді қатыстыру дәстүрін жандандырсақ. Бұл біздің беделімізді арттыра түсер еді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

# ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ БАҒЫТЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАЙДЫ

Жақында діни сенім негіздерін түсіндіру, діни экстремизм және терроризмнің алдын алудағы өзекті мәселелерді, қоғамдағы діни радикализмнің туындауына ықпал жасайтын себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында және діни экстремистік ағымдармен күрес сондай-ақ студенттерге жалпылама ақпарат беру негізінде филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті мен тарих, археология, этнология факультетінде семинар өтті.

Елбасымыз бір сөзінде: «Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық татулық пен тағаттылықты нығайтуға бағытталған. Бізде діни сенім бостандығына Конституция кепілдік береді» деген болатын. Саналы жастарымызды тәрбиелеуде біздің оқу ордасының да ықпалы зор. Осы бағытта өткен аталмыш шарада Терроризм және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығының президенті Кәкімжан Бишманов: «Терроризм мен діни экстремизм осы заманға тән әлеуметтік қатерге айналды. Осыған байланысты өскелең ұрпақты қоғамда белең алған қауіп-қатерлерден құлағдар етіп отыруымыз маңызды. Осы мақсатта Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік тапсырысы аясында «Терроризм мен экстремизм проблемаларын зерттеу орталығы» әлеуметтік қоры қала көлемінде студент

жастарға семинарлар өткізуді жөн санады» - дейді. Ал философия және политология факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті, дінтанушы Бағдат Бейсенов діни теріс ағымдар және олардың мақсат-мүддесі, бүгінгі біздің қоғамда орын алған келеңсіздіктердің туу себептері және онымен күресу жолдары жайында дәріс оқыды. Негізгі нысаны – студенттердің «діни сауаттылыққа» деген ынта-жігерін оятып, дұрыс бағыт нұсқау болды. Өмірде, көз алдымызда орын алып жатқан түрлі жағдайларды мысалға келтіре отырып, алдын ала сақтандыру шараларын, кесапатқа ұрынбау жолдарын баса айқындап жеткізді. Жан-жақты оқылған дәрістен кейін жиналған студенттер мен оқытушылар ойларында жүрген көкейкесті сауалдарымен бөлісті. Діни басқарманың шараларына қызығушылық білдірген студенттер қауымы өз пікірлерімен ортақтасып, қоғамдағы

түйіткілдерге қатысты өз ұсыныстарын білдірді. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Гүлмира Құдайбергенқызы: «Экстремизм сөзі «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету сондай-ақ, жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көз-қарасынан пайда болады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда», - дейді. Отырыста сонымен қатар Орталық мешіттің бас имамы Н.Именов, ҚазҰУ тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Т.Әбішев, ҚазҰУ қалашығының директоры Ә.Сейітжанов, заң факультетінің оқытушысы О.Тлепбергенов, тарих, археология және этнология факультетінің оқытушысы А.Жұмаділов, филология, әлем тілдері және әдебиеттану факультетінің аға-эдвайзері Э.Бектұрова және басқа да топ эдвайзерлері, оқытушылар, студенттер қатысты ой бөлісті.

Жұлдыз ЕСІМОВА,  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканының орынбасары

Продолжение. Начало на 1 стр.

«КазНУ им. аль-Фараби открыт для сотрудничества. Расширение международных связей, интернационализация образования и науки является мощным инструментом повышения конкурентоспособности в мировом научно-образовательном пространстве. Мы рады установлению и развитию отношений с Иорданскими университетами в интересах наших стран», - отметил на открытии центра ректор КазНУ Галым Мутанов.

# ВУЗЫ ИОРДАНИИ - ПАРТНЕРЫ КАЗНУ

По итогам встреч между университетами были подписаны меморандумы о сотрудничестве. За научные достижения мирового уровня ректору казахстанского вуза Г. Мутанову была вручена престижная награда - медаль аль-Фараби «За вклад в науку» и присвоено звание почетного профессора Иорданского университета науки и технологии.

Студенческий художественный коллектив КазНУ им. аль-Фараби покориł Иорданскую публику яркой и зрелищной концертной программой, специально подготовленной по случаю празднования Дня Первого Президента и Дня Независимости Казахстана. Мероприятия с участием делегации КазНУ посетили высокие гости из Правительства, Парламента и Королевского двора Иордании, а также представители дипломатических и деловых кругов Иорданского Хашимитского Королевства.

Д.ДЮСЕБАЕВ

# БЭЛА АХМЕТОВА АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ

Жақында физика-техникалық факультетінде КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Ахметова Бэла Ғабдолғалиқызының атына аудитория ашылып, «Өнегелі өмір» сериясының ғалымға арналған кітабының тұсауы кесілді. Көзі тірі болса, Б.Ахметова 75 жасқа толар еді.

Аудитория лентасын ҚР ҰҒА академигі, профессор Т.Ә. Қожамқұлов, ҚазҰУ-дың Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры, профессор Т.С. Рамазанов және Б.Ғ. Ахметованың жұбайы профессор Ө.Қ. Шеденов қиды.

Салтанатты шарадан кейінгі жиында Қазақстанның ғылым және білім ордаларының көрнекті ғалымдары, жора-жолдастары мен шәкірттері Бэла Ғабдолғалиқызы жайлы өздерінің естеліктерімен бөлісті. Соңында кафедра ұжымының атынан студенттерге 13 шәкіртақы тағайындалып, қонақтарға «Өнегелі өмір» сериясымен шыққан кітап таратылды.

Фарида БЕЛИСАРОВА,  
ф.-м.ғ.к., доцент

ҚазҰУ Иордан Хашимит Корольдігінің үш жоғары оқу орнымен өріптестік келісімшартына қол қойды



# ӨМІРІН ҒЫЛЫМҒА АРНАП КЕЛЕДІ

**Оспанов Серік Сәрсенғалиұлы – бүгінде жетпіс жастың төл ортасына келсе де ақырын жүріп, анық басып, шәкірт үйретуден жалықпаған, сол еңбегі шәкірттері мен әріптестері тарапынан жоғары бағаға ие ұлағатты ұстаз, шығармашылыққа бай тұлға. Ол – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ұлтжанды азамат, білікті маман. Ұстаздың абитуриенттік кезеңнен бастап күні бүгінге дейін 57 жыл бойы ҚазҰУ-да еңбек етуі үлгі боларлық табандылық қасиет. Бұл қасиеті бүгінде Серік Сәрсенғалиұлын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде беделді, үлгілі, студенттер мен ұстаздар қауымына бағыт-бағдар етіп отыр.**

Серік Оспанов 1961 жылы ҚазМУ-дың (бүгінгі ҚазҰУ) механика-математика факультетін үздік тәмамдап, еңбек жолын есептеу математика кафедрасының зертханасында инженерлік қызметтен бастады. Ұстаздық жол - ұлы жол екені белгілі. Ұстаздық қызметтің қиыншылығына мойымай келген ғазиз ұстаз өзінің ерен еңбегінің, талмас талабының арқасында 1966-1991 жылдар аралығында есептеу кафедрасында аға оқытушы болып, 1991-1996 жылдар аралығында Серік Сәрсенғалиұлы шығармашылық қабілеттерімен көзге түсіп, 1972 жылы қорғаған кандидаттық, 1996 жылы докторлық диссертациялары үздік деп танылып, 1997 жылы профессор атағына ие болды. Жаңа тәуелсіздік тұғырына әтеріліп, егемендігін таныта нарықтық экономикаға бетбұра бастаған Қазақстан экономикасының өркендеуіне өз үлесін қосқан ғалымның еңбегі ескеріліп, 1991-1996 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының экономика министрлігі жанындағы экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институты директорларының ғылыми істер жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Қыр-

сыры мол, жауапты да шығармашыл еңбегінің нәтижесі ретінде абзал ұстаз 2009 жылы ҚазҰУ-дың күміс медалімен марапатталды.

Ғалым, физик-математик, 50-ден астам ғылыми, әдістемелік жұмыстың, 1 монографияның авторы, бүгінгі таңда ұлағатты ұстаз университет қабырғасында бакалавр, магистрант, докторанттарға «Микроэкономика», «Экономикадағы желілік модельдер», «Экономикадағы математикалық модельдер» курстарынан дәріс оқиды. Университет ұйымдастырған шараларға, бағдарламалар мен ғылыми жобаларға белсене қатысады. Өнегелі өмір жолын ұстаздық жолымен ұштастырған абзал жан тек ғалым, профессор ғана емес, асыл жар, ақылшы әке, өнегелі ата. Осы орайда үлгілі ұстаздың жанұясы дарынды математиктерден құралғанын атап өтуге болады. Зайыбы Шолпан – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент. Ұлы Ерболат, немерелері Мерей мен Іңкәр да физика-математика мектебінен түлеп, болашағын математика ғылымдарымен жалғастыруда. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, бүгінде Серік Сәрсенғалиұлының талай жетістіктерді

бағындырып жүргені белгілі.

XXI ғасыр – нарықтық экономикаға үдере көшу дәуірі болғандықтан, бұл жолда аянбай еңбек етіп, өзіндік үлесін қосып, өшпес қолтаңба қалдырған жанның елеусіз қалмасы анық. Осы орайда, кейінгі ұрпаққа жаңашылдықты, ізденімпаздықты, еңбекқорлықты, ғылым мен білімді сүюді үйретіп, мақсатшыл жастар көшін қалыптастыруда ұстаздың үлесі өлшеусіз.

Ұлағатты ұстаздың ғылым жолында тың ізденістері, жаңашыл идеялары, тұжырымды ойлары ерекше әрі оның заманауи экономикалық ғылым мен теорияны жетік меңгеруі анық байқалады. Мәселен, абзал ұстаздың, магистранттарға түсіндіретін әр дәрісінен экономика саласына қатысты «Әлеуметтік бағдарланған экономика – әлеуметтік бағдарланған нарықтық шаруашылық» деген тұжырымдамалары өзара ой бөлісуге, ғылым қуған жас мамандардың жолын ашуына көмектеседі. Ғалымның экономика саласымен қатар, әлеуметтік, саяси, мемлекеттік сектор мәселелеріне де бей-жай қарамайтындығы еңбектерінде, оқулықтарында жиі кездеседі.

Сабырлылығы мен байсалдылығы қатар ұшасқан аға-ұстаздың еңбек жолына көптеген мадақтама айтсақ артық емес. Әсіресе, өз мамандығы үшін жаралған жан екендігін экономика саласындағы жеткен жетістіктерінен байқаймыз. Жаңа экономикалық саясаттың дамуына өзіндік үлес қосқан ұстаз, бүгінде экономикалық сферада жаңашыл математикалық әдістермен, компьютерлік технология көмегімен экономикалық мәселерді талдауда модельдеудің жаңаша үлгісін ұсынып, экономикалық басқару жүйесін заманауи ақпараттармен жабдықтауда өзінің

жаңашылдығымен, еңбекқорлығымен көзге түсіп жүрген ізденімпаз азамат, ҚазҰУ-дың Ардагерлер кеңесінің беделді мүшесі.

Заманауи жаңашыл экономиканың қыр-сырын жетік меңгеріп, бүгінгі таңдағы экономикалық құбылыстармен ұштастырып, жаңа буынның аға буын ізімен жүріп, экономикалық жүйелердегі оптимизациялық есептерді шешудің тиімді, жаңа әдістерін ұсынған ғалым-ұстаздың болашақта да еңбегінің жарқын боларына сөзсіз сенімдіміз. Ұшқыр ойлы, ізденімпаз, қамқор тұлғаның болашақта да, еңбек жолының өрістеп, кеңеюіне тілектеспіз. Ертеңгі ел болашағын даярлаудағы еңбек жолының жана беруіне тілектеспіз. Серік Сәрсенғалиұлын өз саласының үздік маманы, өмірлік жолының бір бағытын өз мамандығымен ұштастыра білген кәсіби ұстаз, кемел тұлға деп мақтанышпен айта аламыз. Асқар тұлғаның бүгінгі таңдағы еңбек жолы да болашақ ел азаматтарын, білікті экономистерін даярлаумен, еліміздегі экономикалық құбылыстарды талдап, өз еңбегінің жемісі ретінде оқу құралдарын, танымдық, теледидарлық хабарлар жүргізіп, ғылыми ізбасарларының қатарын көбейтуге ықпал етіп келе жатқан еңбегіне ризашылығымыз шексіз.

Егеменді еліміздің ертеңін ойлар, білімді де білікті, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп келе жатқан профессор Серік Сәрсенғалиұлына ұзақ өмір, баянды бақыт, шығармашылық табыс, жанұя шаттығына бөленуін тілейміз. Еңбегі жанып, болашақта да шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленіп, тек биік шыңдардан көріне беріңіз.

**Т.С. САРБАСОВА,  
Ж.Т. БЕЙСЕНБАЕВ**

## «БОЛЬШАЯ РЕПЕТИЦИЯ»

**Кафедра иностранных языков для естественных факультетов факультета филологии, литературоведения и мировых языков недавно провела ежегодную магистерскую конференцию под девизом «Advancing skills towards professional excellence». В этом году конференция была посвящена 80-летию юбилею КазНУ им. аль-Фараби. На конференции с приветственным словом выступил первый проректор университета профессор М.М. Буркитбаев.**

В своей речи М.М. Буркитбаев отметил, что в настоящее время в КазНУ проходит система модернизации всей университетской деятельности, направленной на трансформацию университета в исследовательский университет. Университет становится частью международного научного сообщества. Также университете полным ходом выполняется программа академической мобильности. В этом русле конференция магистрантов естественных факультетов, на которой магистранты выступают с презентациями на английском языке по темам своих исследований, является важным этапом преподавателей кафедры в успешное выполнение данной программы.

В программе конференции были выступления магистрантки из Португалии Биатрис Бахадас, магистранта факультета физики и физической технологии Н.Филипова, механико-математического факультета А.Кумалаковой, факультета географии и природопользования В.Логиновой, факультете химии и химической технологии Г.Шайкеновой, факультета биологии и биотехнологии А. Абековой. Все презентации были заслушаны с большим интересом. Каждое выступление сопровождалось оживленной дискуссией на английском и немецком языках.

Такие конференции являются еще одним средством реализации компетентного подхода к учебному процессу. Девиз конференции «Advancing skills towards professional excellence» в переводе с английского означает: «Совершенствование знаний, умений, навыков на пути к достижению профессионального мастерства». В условиях современного мира этот девиз приобретает большую актуальность, так как основа составляющей успеха сегодня – это владение профессиональными навыками. Конкурентоспособность современного специалиста определяется его профессиональной компетентностью. Поэтому преподавательский коллектив кафедры иностранных языков естественных факультетов, следуя этому девизу, в своей учебной и воспитательной деятельности делает особый упор на совершенствовании не только языковых навыков, но и на развитии навыков публичного выступления на иностранных языках у студентов и магистрантов, навыков критического мышления, навыков творчески подходить к решению научно-исследовательских проблем.

Хочется верить что наши конференции – это «большая репетиция» для наших магистрантов-будущих ученых для выступления на больших международных конференциях и симпозиумах.

**А.А. МУЛДАГАЛИЕВА,**  
зав.каф. ин.яз. е/ф.;  
**Д.М. МАХМЕТОВА,**  
ст.преподаватель  
каф. ин.яз. е/ф.

## ТАРИХИ РЕКОНСТРУКЦИЯНЫҢ МУЗЕЙЛІК МАҢЫЗЫН САРАЛАҒАН СЕМИНАР

**Археология, этнология және музеология кафедрасының этнография музейінде т.ғ.к., доцент Қартаева Тәттігүл Ерсайынқызы, «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының магистранттары Мәмбет Шағырбаев пен Әйгерім Төлегенованың ұйымдастыруымен «Тарихи реконструкция: негізгі бағыттар мен музейлік маңызы» атты тақырыпта оқу-әдістемелік семинар өтті. Семинарға кафедра мүшелері, магистранттар, студенттер және жалпы және этникалық педагогика кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к. М.Д. Шағырбаева қатысты.**

Семинар барысында материалдық және материалдық емес мәдениет мұраларын тарихи модельдеу нәтижесінде құндылықтарды жаңғырту, палеонтологиялық материалдарды ғылыми интерпретациялау үшін генетикалық реставрация және нақты бағытталған селекция нәтижесінде алынған тарихи дәуірлерде жойылған аналогына сәйкес келетін жан-жануарлар тұқымы мен өсімдіктердің түрін жаңғырту, сәулет өнерінде мүлдем қираған, белгісі қалмаған ескерткішті қайта жасап шығару, палеоантропологиялық зерттеулер нәтижесінде бас сүйек, сүйек қалдығы арқылы адамның бей-бейнесін, дене тұрқысын қайта қалпына келтіру сияқты тарихи реконструкцияның өзекті мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, археологиялық керамикалардың жасалу технологиясындағы ерекшеліктер, пайдалану мақсаттары және ең бастысы табылған керамикалардың сызба арқылы бастапқы қалпындағы бейнесін жаңғырту мәселелері сөз болды. Археологиялық тарихи мұралардың негізгі құрылымы сақталмаған жағдайда ақпараттық технология көмегімен виртуальды немесе графикалық реконструкция жасауға деген инновациялық көзқарастар мен осы саладағы озық тәжірибелер талқыланды.

Музей ісі және ескерткіштерді қорғау саласында жұмыс жасайтын болашақ мамандар үшін тарихи мәдени мұраларды реставрациялау – қайта қалпына келтіру, реконструкциялау – қайта жандандыру, консервациялау – сақтау ісін меңгерудің маңызы жоғары. Тарихи объектіні реконструкциялаудың басты

мақсаты – халықтың тарихи таным кеңістігін қалыптастыру. Жазба және заттай деректер бойынша ғылыми негізделген, жоғалған, жойылған немесе негізгі бөліктері жойылып, белгілі бір мөлшерде сақталған, түпнұсқасы сақталмаған тарихи-мәдени ескерткіштер мен табылған ескерткіштерін қайта жасап шығару, қайта жаңғырту өнері реконструкция ісінің музей нысандарының тарихи келбетін танып білуде, тарихи реконструкцияның тарихи мұраның нақты, дәлме-дәл бейнесін көрсетудегі маңыздылығы зор. Мысалы, Абылай ханның мөрі сақталмаған, сондықтан дипломатиялық құжаттар, келіссөздерге басылған Абылай ханның мөрінің таңбасы негізінде күмістен қайта соғылған. Мысалы, Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи кесенесінен алынған Абылай ханның бас сүйегіне, Хан моласынан алынған Әбілхайыр ханның бас сүйегіне реконструкция жасау нәтижесінде тарихи тұлғаларымыздың нақты бейнесі танылды.

Қорыта айтқанда, музей нысандарының тарихи реконструкциясы тарихи объектіге коммуникативті және инновациялық көзқарасты, ғылыми ізденіс пен тарихи гипотезаны жүзеге асыруды қажет ететін музей коммуникациясының басты бағыттарының бірі әрі отандық ғылымда тарихи-мәдени мұраны танып білуде алатын орны зор.

**Сандуғаш ЖҮБАТХАНОВА,**  
«Музей ісі және ескерткіштерді қорғау»  
мамандығының  
1 курс магистранты





Қазақстан – біртұтас жер,  
біртұтас халық және ортақ келешек.

Н. Назарбаев

## ЖАРҚЫН БОЛСЫН БОЛАШАҒЫ, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІМНІҢ!

География және табиғатты пайдалану факультетінде жаратылыстану факультеттері шет тілдері кафедрасы мұғалімдерінің, сондай-ақ белсенді студенттердің Тәуелсіздік күніне арналған кеші өтті. Кеш барысында талантты студенттер әр тілде әндерін шырқап, тәуелсіз қазақ еліне арналған өз туындыларын оқыды. Абайдың «Көзімнің қарасы» әні қазақ, ағылшын, неміс, орыс, ұйғыр, қытай тілдерінде шырқалып, күй ойналды. Патриот жастарымыздың арасында ұлық мерекенің тойлануына өз үлесін қосқан, іс-шараны ұйымдастырған аға оқытушылар Т.В.Бурованың, З.К.Мадиеваның, Б.Н.Карабаеваның, В.Ж.Рахметованың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

**К.А. ЖИРЕНШИНА,**  
шетел тілдер кафедрасының аға  
оқытушысы

## «ЖЕЛБІРЕЙ ТҮС, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАЛАУЫ»

Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы К.Бияздыкова және мәдениеттану мамандығының білімгерлері «Желбірей түс, Тәуелсіздік жалауы» атты кеш ұйымдастырды. Студенттер Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова жайлы тарихи қойылымдарды сахналады. Факультеттің студенттері Г.Әнаурбекова мен А.Букурубова «Туған жер», «Алтын бесік», «Желтоқсан желі» әндерін орындаса, «G-Style» би тобы қазақ биін биледі. Б.Жұмабаеваның орындауында К.Ердібаевтың «Желтоқсан құрбандарының хаты» атты жыр шумақтары тыңдалды, 2 курс студенті А.Жұбанышовтың «Тәуелсіздікке тарту» туындысы көрермен көңілінен шықты.

**Лаура БЕЙСЕК,**  
философия және саясаттану  
факультетінің 2 курс магистранты

## ТӘУЕЛСІЗДІК БІРЛІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдері кафедрасының аға оқытушыларының ұйымдастыруымен «Гүлдене бер, Қазақстаным!» атты салтанатты шара өтті. Мұнда шығыстану, заң, тарих, археология және этнология, экономика және бизнес жоғары мектебі, филология және саясаттану факультеттерінің студенттері қатысып, өз өнерлерін оқытушылар қауымы мен студенттер назарына ұсынды.

Кеш заң факультетінің 1 курс студенті М.Әлиханнның «16 Желтоқсан» атты авторлық өлең жолдарымен басталып, студенттер патриоттық сезімге толы әндер шырқап, қазақ халқының дәстүрлі және заманауи би өнерлерін шебер орындады. Шығыстану факультетінің 2 курс студенті А.Кочанова қазақ тілінде «Туған жер» әнін тебірене орындаса, шығыстану факультетінің 2 курс студенті Н.Барбосынова ағылшын және кәріс тілдерінде ән шырқады. Сонымен қатар кеш үш тілде жүргізілді.

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НҰРЛЫ ТАҢЫ

№4 студенттер үйінде «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» атты кеш өтті. Желтоқсан құрбандарын үнсіздікпен еске алып, Ә.Тінәлінің «Желтоқсан желі» әні орындалды. Желтоқсан құрбандары жайлы қойылымдар болып, бейне ролик көрсетілді. Қайрат Рысқұлбековтің рөлін «География» мамандығының 3 курс студенті Бауыржан Наматилла асқан шеберлікпен сомдап, көрермен жанарына жас үйірді. Тәуелсіздігіміздің нұрлы таңы атып, ел болашағына сенген жастар әсем ән шырқап, күмбірлеген күй ойнатты. Студенттер тәуелсіздік күніне арнаған авторлық өлеңдерін оқып, бишілер би биледі. География, кадастр және жерге орналастыру кафедрасының меңгерушісі Г.Н.Нүсіпова студенттердің актерлік шеберліктеріне алғыс айтып, таланттары шыңдала беруін тіледі, тәуелсіздік күнімен құттықтады.

**Баян ШЕНГЕЛБАЕВА**

Экономика және бизнес жоғарғы мектебінің «Ағылшын тілде ән салуды сүйушілер» клубының мүшелері өнер көрсетті. Шығыстану факультеті 3 курс студенттері «Тәуелсіздік күнін қарсы алу» атты қойылымды ағылшын тілінде ойнады. Концертті гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдері кафедрасының меңгерушісі Қ.Айсұлтанова Тәуелсіздік мерекесіне арналған құттықтау сөзімен аяқтады.

**Г.Х. ИСЕНГАЛИЕВА, Ж. ТӨЛЕУХАН**

## ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Физика-техникалық факультетінде өткен «Тәуелсіздік – қасиет тұнған тұғырым» атты шарада факультет деканы Асқар Давлетов Тәуелсіздік мерекесінің құндылығы қақында өткен тарих пен бүгінгі күнді байланыстыра отырып, тереңнен әңгіме қозғады, құттықтау сөзін жеткізді. Одан кейін студенттер әзірлеген мерекелік концерт қойылды. О.Рахымбердиев халық классикалық музыка жанрында домбырада ойнаса, М.Нұрышева дәстүрлі ән шырқады, мерекелік бағдарламаны М.Жұманазарова, А.Ксенбаев, Ж.Абдильдин, Р.Исаев, Қ.Тлепберген және Ж.Бақытовалар өнерлері толықтырды. «Қайрат» қойылымы көрерменді тебірентіп, патриоттық сезімді оятты.

**Ж.М.МОЛДАБЕКОВ,**  
физика техникалық факультетінің  
оқытушысы

## МҮШӘЙРАДАН КЕЙІНГІ ТУҒАН ОЙ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының ұйымдастыруымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған «ҚазҰУ-ым – темірқазығым» атты жыр мүшәйра өтті. Байқауға Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студент, магистрант ақындары қатысып, бақ сынасты.

Мүшәйраның мақсаты – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық тарихи жетістіктерін саралап, дәстүрін, ізденістері мен шежірелі кезеңдерін поэзияға батыл бастап келе жатқан жас ақындар жүрегінің елегінен өткізу, жастарға сөз құдіретін сезіндіру, келе жатқан тәуелсіздік қастерлі мерекесінің маңызын тегеурінді жыр жолдарымен өрнектеу, ұлттық поэзиямыздың дәстүрін жалғастырушы жас ақындарды ынталандыру болды. Мүшәйраның шарты бойынша қатысушылар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті туралы, тәуелсіздікке байланысты патриоттық өлеңдер және еркін тақырыптағы бұрын жарияланбаған өлеңдерін ұсынды.

Жас ақындар өздерінің таңғы шықтай мөлдір жырларымен халқымыздың құндылықтарын, ұлттық университеттің тарихи жетістіктерін, тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі қол жеткен табыстарымызды жырлады.

Бірінші орынды филология, әлем тілдері және әдебиеттану факультетінің 3 курс студенті Нұртас Тұрғанбекұлы иемденді. Жұлдені тапсырған журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Әбдиманұлы бүгінгі жас ақындардың шығармашылығынан үлкен үміт күтетіндігін жеткізді.

Нұртас Тұрғанбекұлы:  
Еркелігін жиып ап ен даланың,  
Дауыл қып көтеретін жел қабағын.  
Шулы Алматы көшесін сезесің бе?!  
Үнсіз басып жүретін мен ғанамын.

Тағы осылай өткердім бір аптаны,  
Қалжырадым, шаршадым бір-ақтағы...  
Қауымымды сағындым ашық-жарқын,  
Ауылымды аңсадым қыраттағы, -  
деген өлең жолдары арқылы ауылға деген сағынышын өзгеше өріп, жандүниесін асқан шеберлікпен әрі қарапайым сөздермен жеткізе білді.

Сатып ап бәрін жатады ел көші,  
Тек тіл мен намыс қатар өлмеші...  
Өтінем, жұртым, Алла алдындағы,  
Отанды мәңгі сата көрмеші...

Жас ақынның жанайқайы құрғақ айқай емес, ойлы өлең жолдарынан бүгінгі жастардың отаншылдық сезімі атойлап, көрініс береді. Нұртастың ойлы поэзиясы, образды ойлауы, рухани ой-өрісінің кеңдігі қазылар алқасын тәнті етті.

Екінші орынды иемденген журналистика факультетінің 1 курс студенті Ерзат Асылұлы мен Орталық Азия университетінің 3 курс студенті Еламан Хасенұлына жұлдені мүшәйраға демеушілік көрсеткен «Мақсат» Шығыс медицина орталығының бас директоры Мақсат Әбдіқадырұлы тапсырды.

Өркендермен бірге өсіп,  
Ертеңдермен тілдесіп,  
Болашақтың сапарына шығарда  
Өзің жайлы толқып-толқып алам мен  
Ұлағатқа ұя болған ұлы орда!

Университет табалдырығын жаңа аттаған студенттің қарашаңырақ туралы бұлайша ойлы жырлауы журналистика факультетіне талантты жастардың келетіндігінің тағы бір куәсі болмақ.

Дегендей маған: «Жарқылда!»  
Тәңірім Жасын – От берген.

Өмірге сәби қалпымда,  
Бір шумақ өлең боп келгем, -  
деп жырлаған Еламанның сезімі, түйсігі де өлең боп өріліп кеткендей. Талғаммен әдемі жырлайтын жас ақынның бойындағы патриоттық сезімі:

Сайрап жатыр сыр шертіп әріден із,  
Еңселі едік, ғұмырына ары негіз,  
Жау жапырған хас батыр болған ел ек...  
Дәл осындай халықпыз әлі де Біз!, - деген өлең жолдарын туғызды.

Үшінші орынға тағайындалған үш жұлдені журналистика факультетінің 4 курс студенті Рауан Қайдаров, филология, әлем тілдері және әдебиеттану факультетінің 3 курс студенттері Әрі Би-әрі Бек Дауыл мен Айбол Исламғалиев жеңіп алды.

Шәкірттері шетінен шеп бұзардай,  
Жылулығы сезілмес от қызармай.  
Ата-анама әлі жүрмін ҚазҰУ-ымның  
Сұлулығын сөзбенен жеткізе алмай.

Қинап жатқан жүректі қимастық-ақ,  
Қимастықты білмейді құймас құлақ!  
Сергіз шумақ өлеңнің өлшеміне,

Сексен жылдық тарихың симас бірақ,  
- деген Рауанның шағын шумақтарына төрт жылдық өмір кезеңдері сиып кеткен. Өскен ұясынан, ата-анасының ыстық алақанынан шығып, ҚазҰУ-ға жет- тартқаны, әке-шешесінің баласын шығарып салып тұрғандағы жантолқынысы, көркем қалашықтағы студенттік өмір... Оқу ордасын сипаттаған ұтымды теңеулерге, Рауанның суреткерлік шеберлігіне риза боласың.

Білімменен ғылымға жетік балаң,  
Төрт жыл бойы қалды ғой бекіп қадам.  
Келбетіңе таңғалып келіп едім,  
Келбетіңе таңғалып кетіп барам.  
Өмірге көзқарасы қалыптасқан, - деуі нағыз азаматтың сөзі. Ойландыра, мақсат-мұратын сездіре жырлайды.

Сүйдір де, сөзден сынбас мүсін қалдыр,  
Ұнамаса Ұлылық үшін жандыр!!!  
Бұл тастың жықпысына қысылған жыр.  
Әрі Би-әрі Бек Дауыл ойы ұшқыр,  
алымды-шалымды жырлайды. Бір қарағанда ұғуға ауыр көрінетін өлең жолдары бірде сырлы күйге енеді. Жас ақын бірде күрсінгіп, бірде қайраттанып, көңіл-күйін ашық сездіреді. Өршіл ақын көрінеді.

Айболдың өлеңдерінен тегеурінді салмақ пен рух байқалады.

Бодандықтың желі еспес баба-қырда,  
Қанды үміттің құны бар әр адырда.  
Қазақтығым – тұлпардың дүбірінде,  
Азаттығым – қыранның қанатында, -  
деп, халқымыздың қайсарлығын, рухының тәуелсіздігін жеткізуге тырысқан.

Мүшәйрада сонымен қатар тағы студентке ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

Қазылар алқасы республикаға белгілі ақындар: «Заң» газетінің бас редакторы, «Дарын» сыйлығының иегері Бекжан Әшірбаев, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бақыт Беделхан, ақын, сыншы Әмірхан Балқыбек, «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы Рысбек Дәбей, «Серпер» сыйлығының лауреаты, ақын Әлібек Шегебай байқауға түскен өлеңдерді әділ бағалады.

Мүшәйрадан кейінгі туған ой – қазақ поэзиясына бір топ жастар легі батыл қадам басып келеді.

Жыр мүшәйрасында факультет деканы Әмірхан Әбдиманұлына қазақ әдебиетін зерттеу жолындағы еңбегі үшін Аймақтық менеджмент академиясының Фредерик Тейлор атындағы алтын медалі тапсырылды.

**Назгүл ШЫҒЫСОВА,**  
филология ғылымдарының докторы,  
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика  
және қоғаммен байланыс  
кафедрасының меңгерушісі

ҚазҰУ ректоры **Ғ.Мұтановқа Ғылым және технология университетінің (Иордания) құрметті профессоры атағы беріліп, "Ғылымға өнгізген үлесі үшін" Әл-Фараби медалі табысталды**



## КАФЕДРАЛАР САЙЫСЫ

Философия және саясаттану факультетінде тәуелсіздігіміздің 22 жылдық мерекесі мен ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы құрметіне университетте алғаш рет «Мен елімнің патриотымын!» атты кафедралар жарысы өтті. Мерекелік іс-шарада философия және саясаттану факультетінің мәдениеттану және дінтану, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс, жалпы және этникалық психология, жалпы және этникалық педагогика, философия, саясаттану сынды алты бірдей кафедра қатысты.

Тәуелсіздік - үлкен күш пен ерліктің, намыс пен жігердің, жалынды рух пен іскан білімпаздықтың, салмақты ойдың, қырандай күшті жастар мен ақылгөй бабалардың рухмен жеткен қазына. Бүгінгі ұрпақ бабалар аңсаған арманның шынайы ақиқатқа айналған ғасырында өмір сүріп жатыр. Жаңа ғасыр ұрпақтары жаңашылдықпен, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып келеді. Әсіресе, күні кеше ғана өткен бұл іс-шараның патриоттық тәрбие берумен қатар, ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластықтың, адамгершілік пен татулықтың, шынайы достықтың үлгісін көрсеткені рас. Елім деп соғар жүрек болса, міне осы кеште үлкен ұстаздарымен бірге сахнаға шыққан студенттерді айтса болатындай.

Факультет студенттері Зильфия Әменова мен Әсет Мұхтаровтың өнер жүргізушілік қасиеттері кештің тартымдылығын паш еткені рас. «Мен елімнің патриотымын!» атты кафедралар арасындағы сайыс ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, көркем сөз оқу, театр өнері, би өнері сынды бес бөлім бойынша жүргізілді. Мәселен, алғашқы ән айту бөлімінде бақтарын сынаған кафедралар ішінде мәдениеттану және дінтану кафедрасының «Алға, қазақ жігіттері» әні мен саясаттану кафедрасының «Көк тудың желбірегені» атты әндері көрермендер сүйіспеншілігіне ие болса, музыкалық аспаптарда ойнау сайысында жалпы және этникалық психология кафедрасының «Еркесылқым» күйі, философия кафедрасы мен саясаттану кафедрасының орындауларындағы «Балбырауын» күйінің нақышымен орындауы қазылар алқасының ерекше бағалауына ие болды. Ал, «көркем сөз» сайысында жалпы және этникалық педагогика кафедрасының ұстазы Әлия Мәлікқызы мен шәкіртінің оқуындағы М.Шахановтың «Бақыт геометриясы» өлеңі және әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс, жалпы және этникалық психология, саясаттану кафедраларының оқылымдары ерекше әсер сыйлады.

Ал, театр өнері сайысы бойынша кафедралар дайындығының тым жоғары екендігін байқадық. Әрбір, қойылымның шынайы қазақы бояуы ерекше сезім сыйлады. Тарихтан да, дәстүрден де, мәдениеттен де, тіпті уақыт таразысы бойынша сараптай отырып, сүзгілеп жеткізген қазақы көріністер көңілдерге күй келтіріп, жүректерге үн қатты. Желтоқсан күні болып жүректі бірде тоңдырса, енді бірде тәуелсіздік болып, алыста жатқан ата-баба арманын азаттықпен ұштастырған қасиетті күнді суреттеп, жылылық ұялатып жатты. Ең бастысы, әрбір қойылым қазақтың тарихымен тамырлас болды. Би өнерінде студенттермен қатар, ұстаздар да мың бұралып би билеп, көңіл-түкіпіріне тәуелсіздік самалын жеткізгендей әсер сыйлады. Рас, би - ұлттың белгісі, ұлттың көңіл-күйі, шаттығы, қуанышы. Ол тәуелсіздікпен бірге шаттанып, арнасы қуанышқа, құтқа тұнатын өнердің ішіндегі ерекше үлгісі. Міне, бұл шара осыны аңғартты бізге.

Сайыс болғаннан кейін, жеңіліс бар, жеңіс бар. Ол өмірдің заңдылығы емес пе?! Ендігі кезек, қазылар алқасының қорытынды ой-пікіріне, әділ бағаларына келіп жеткен-ді. Сайыста «Қазақ университеті» газетінің журналисі Досжан Балабекұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Фараби сазы» оркестрінің көркемдік жетекшісі Болатқали Әмірханов, әскери кафедра бастығының орынбасары – оқу бөлімінің басшысы Қайрат Машекенов, Ұлттық құрама «Жайдарман» тобының мүшесі Нұрсұлтан Жақсығенов, философия және саясаттану факультетінің

деканы Алия Масалимовалар қазылық етті.

Қазылар алқасы атынан сахна төріне шыққан «Қазақ университеті» газетінің журналисі Д.Балабекұлы: «Бұл шара нағыз Қазақстанның патриот азаматтарын көрсетті. Қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-да білім алып жатқан студенттер мен оларға білім нәрін құйып келе жатқан ұстаздар арасындағы берекелі байланыстың шынайы көрсеткіші болды. Мұны ұлттық университетке тән ұлттық құндылықтар деп жеткізер едім. Барша сайыскерлердің жігерлі, намысты, қайсар қайраткер, білімді, өнерлі, ең бастысы нағыз патриот қазақ ұлты екендігін көрсетті», - деді. Ал, «Фараби сазы» оркестрінің көркемдік жетекшісі Болатқали Әмірханов: «Бұл сайыстың өткеніне қуаныштымын. Өйткені, сіздер, студенттер ұлттық университетте білім алып қана қоймай, өнер көрсетіп жатсаңыздар, ұстаздар білім берумен қатар қасиетті өнерді, патриоттық тәрбиемен ұштастырып, дәріптеп жатыр. Міне, нағыз шынайы жүректер иесі осылар. Күй тартып, ән айтып, әртіс болып өнер көрсетулерімен қоса, сіздердің ең бастысы жүрекпен жеткізіп отырғандарыңызға қуандым. Кәсіби маман ретінде мен бұл сайысқа үлкен баға беремін», - дейді. Ал, факультет деканы Алия Масалимова: «Сайыс өте белсенді түрде өтті. Барлығының көздерінен жалын мен жігерді байқадым. Студенттерімізден бастап, ұстаздарымыздың, үлкен профессор ағаларымыздың өзі бірлікпен сайыста сайыпқыран болғандары ерекше әсерге бөлегені сөзсіз. Барлықтарыңыз ұжым болып белсенді түрде қатыстыңыздар. Еліміздің тәуелсіздігі асқақтай берсін. Сіздер сияқты бірлігі бекем ұжымдар барда, еңсели еліміздің ертеңі еркін бола бермек», - деп қуанышпен, ақжарма тіліктерімен бөлісті. Деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нұрсұлу Әлғожаева: «Бұл іс-шараны Тәуелсіздігіміз бен ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына арнадық. Осы оқу жылында «80 жылдыққа орай 80 іс-шара» деген акция өткізіп отырмыз. Міне, бүгінгі шара соның жарқын жалғасы іспетті», - деді.

Ал, осындай шараның басы-қасында жүрген жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті, факультеттегі аға куратор Ұлмекен Төлешова сайыс үшін өзі – жетекшілік ететін «Шабыт» студенттік шығармашылық клубының өнер туындыларын арнайы сыйлық ретінде алып келіпті. Міне, нағыз өнерді бағалайтын, өнерге құрмет көрсететін және өнерге өнермен сыяпат жасайтын клубтың ең жақсы бастамасы бұл. «Шабыт» клубының қолөнер бұйымдары сол кеште барша жеңімпаздарға арнайы сыйлық ретінде табысталды.

Тартысқа түскен «Мен елімнің патриотымын!» атты бұл сайыста қазылар алқасының шешімімен үшінші орынға әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс, философия, жалпы және этникалық педагогика кафедралары, екінші орынға мәдениеттану және дінтану, жалпы және этникалық психология кафедралары ие болды. Ал, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан сайыскер кафедра болып, бас жүлдені саясаттану кафедрасының ұжымы иеленді. Биыл алғаш рет ұйымдастырылып отырған бұл іс-шара, барлық факультеттерге үлгі болары сөзсіз. Ұстаз бен шәкірт арасындағы бірлікті, өзара шекара жоқ екендігін көрсеткен сайыс дәстүрлі түрде жалғасын табады деген ойдамыз.

**Бақыт ӘСЕМБАЕВА,**

баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы



## ТӘУЕЛСІЗДІК - БАЙЛЫҒЫМ

Тәуелсіздік тек Қазақстан тұрғындары үшін емес, сонымен бірге, шетелдердегі қазақ қандастарымыз үшін де маңызы зор мереке. Алыста, ата жұрттан жырақта жүрсе де Қазақстан үшін алаңдайтын, еліміздің болашағына бір кісідей зор үмітпен қарайтын қандас бауырларымыз бұл күнді ерекше қуанышпен атап өтеді.

Тәуелсіздік – еліміздің ең басты ұлық мерекесі. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Тәуелсіз ел болғалы Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін дүниежүзі білді. Елімізге тыныштық орнаған, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламыз. Артқа тастаған жиырма жылдың ішінде бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді. Өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар үдей түсті. Еліміздің барлық саласындағы қызметкерлерге, шет елдің түрлі саладағы мамандарымен тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік.

**Гүлнәз ҚАЙРАҚБАЕВА,** оқытушы;

**Гаухар САРСЕНОВА,** ХжХТФ 1 курс студенті

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ХИМИКТЕРІ

**Химия және химиялық технологиялар факультетінде «Тәуелсіздіктің талантты химиктері» тақырыбында факультет студенттерінің арасында жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының куратор-эдвайзерлері А.И.Ниязбаева, Л.М.Түгелбаеваның және «6М011200-Химия» мамандығының 2 курс магистранттарының ұйымдастыруымен интеллектуалдық сайыс өтті. Факультет басшылығы, кафедра меңгерушілері мен кафедра меңгерушілері орынбасарлары, сонымен қатар факультет оқытушыларының арасынан қазылар алқасы тағайындалды. Сайысқа 1 курс студенттері арасынан құрылған «Титан», «Жас химия зерттеушілері» және «Бейорганик» топтары қатысты.**

Топтарға өздерін таныстыру, топ капитандарының сайысы, «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар», «Тізбектен шығып қалма», «Жұмбақ арал», «Қызықты химиялық тәжірибелер сыры» айдарларымен тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды орындау барысында студенттердің білімге деген құштарлығы, болашақ мамандығын терең игеруге құлшынған талпынысы анық байқалды. Топ капитандары сайысында Шалһар Амангелдиев, Аян Мырзатай және Нұрбол Амантай өз топтарының абыройын қорғауда көшбасшылық қабілеттіліктерін ерекше көрсете білді. Сайысқа қатысушы топ студенттері ғана емес, сонымен қатар көрермен студенттер де ерекше белсенділік танытып, химия әлеміне саяхат жасады. Бірінші курс студенті Ернар Елемесов алғырлығы мен терең білімі үшін көрерменге арналған сыйлықпен марапатталды. Сайыстың соңғы мөресінде топтарға болашақ Астананың келбетін химиктер көзқарасымен сипаттау тапсырмасы беріліп, олардың жұмыстары қазылар алқасын бейқам қалдырмады. Сайыстың нәтижелерін қорытындылау барысында топ капитандарына «Тәуелсіздіктің алғыр, тапқыр және талантты химиктері» мақтау қағаздары мен сыйлықтар берілді. Мұндай іс-шаралардың жиі өткізілуі студенттердің патриоттық рухын тереңдетіп, олардың білімге деген құштарлықтарын арттыратынына кәміл сенеміз.

**Самал ТАЙРАБЕКОВА,**

жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының оқытушысы





## » ДИАЛОГ – РОМАН



## ДАЛА БАТЫРЫ ХАҚЫНДАҒЫ ШЫНАЙЫ ТУЫНДЫ

Тұлғаның адами қалыптасуындағы өмірлік тәжірибенің детальды кестелері жауынгер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында өрілген. Әдеби шығарма тарихи тұлға Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының бейбіт өмірдегі және соғыстағы кісілік келбетін, табиғи мінез-бітімімен бірге, көрген қиындықтарының арқасында шыңдалған қалыбын алға тартады.

Тіпті, шығарманың басындағы «Ардақты әкем, сен 1943 жылдың күзінде Украинада опат болдың. Сол жылдың көктемінде Ленинград қоршауында сен қаза таптың, аяулы ағатайым. Ол кезде басқа майданда жүрген мен қастарыңда бола алмадым, қолымнан топырақ сала алмадым сендерге. Күні бүгінге дейін бейіптеріңнің де қайда екенін білмеймін. Бірақ екеуіңнің де неміс фашистеріне қарсы күресте ерлікпен қаза тапқандарыңды, сүйектерің туған елдің екі босағасын күзетіп, туысқандар моласында жатқанын білемін. Осы кітап екеуіңнің басына орнатқан ескерткішім болсын, Ұлы Отан соғысының қарапайым қос жауынгері! Сендерге салған топырағым, бастарыңа көтерген күмбезім болсын, әкеммен, бауырыммен құшақтасып бір қабірде жатқан барлық белгісіз солдаттар!» деген автордың арнау сөзінің өзінде қаншама ұлттық идеология, ұлттық тәрбие жатыр. Ұрпақтың перзенттік борышы, ерлікті қастерлеу, әкені, ағаны пір тұтып, жүректе қасиетпен сақтау – кісіліктің келбеті. Бұдан бөлек осы жолдар жоғарыда айтылып кеткендегідей, қазіргі жанрларға сәйкес оқырманның үрейін ұшырмай-ақ, оның түрлі аяныш сезімін тудырып, көңілін мұңайтады, соғыстың қайғысын түйсіндіреді. Біздіңше, шығарма арқылы оқырманның я тыңдарманның үрейін ұшыру оның сезімінің қатқылдануына, тіпті жойылуына әкелетін сияқты.

Ә. Нұршайықовтың шығармасында да адам бойында біртүрлі қорқыныш сезімдерін тудыратын сәттер аз емес. Мысалы, 1942 жылы полк командирі Бауыржан Момышұлының омыртқасына оқ тиіп, ес-түссіз жатып, кейін есін жинаған сәттегі дәрігермен диалогы:

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында оқ бар екен.

-Скальпелің бар ма? – дедім дәрігерге.

-Жоқ.

-Өткір бәкің бар ма?

-Жоқ.

-Ұстараның жүзі бар ма?

-Бар.

-Ендеше соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!

-Олай етуге болмайды, жолдас капитан...

-Болады! Бұйырамын! Орындамасаң – атамын! – деп етпеттеп жатқан күйімде оң жақ жамбасымдағы кабураның ауызын ағыта бастадым. Батырға да жан керек емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.

Бұл үзіндіде баяндалған оқиғаны көз алдыңызға елестетер, түйсінер болсаңыз, дененің түршігеді. Алайда мұндағы баяндау арқа етті кескілеп жатқан дәрігердің сезімсіздігін білдірмейді.

Ал Бауыржан Момышұлының 1956 жылы армиядан босап, Алматыға, Жазушылар одағына ақсақал жазушыларға сәлем беру үшін полковник формасымен, маузерін тағынып, қылышын асынып келетін сәті адамның екіұдай сезімді – үрей мен күлкіні бірден бастан кешіруіне алып келеді: ....Келсе председателдің бөлмесінде креслоға шірне шалқайып, тығыршықтай қара домалақ біреу телефонмен сөйлесіп отырады. Ол екі сөзінің бірінде «О, собаковод» деп қойып, қарқ-қарқ күліп, ұзақ сөйлеседі. Бауыржан оның қарсысына келіп, үн-түссіз қаққан қазықтай боп қақаяды да тұрады. Тығыршық қара әрең дегенде сөзін бітіріп, трубканы жаба бергенде, Бауыржан:

-Встать! – деп ақырып кеп қалады.

-.....

-Сен секретарь болсаң... – деп ол кезде мұрты жоқ Бауыржан ерні жыбырлап, құлағын қайшылаған тістеуік жылқыға ұқсап, иегін көтеріп кеп қалады. Содан кейін шпорын сыңғырлата екі аяғын сарт еткізеді де, қылышын қынабынан суырып кеп алады. Оны жарқ-жүрк еткізіп, жоғары қарай енді көтере бергенде, секретарь сасқанынан сып беріп үстелдің астына кіріп кеп кетеді.

-Мен Бауыржан Момышұлымын! – деп Бауыржан қылышын салют берген атты әскер тәртібінше серт ұстап, қаздыып тұра қалады [Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» диалог-романынан].

Бұл Бауыржан Момышұлының атты әскерде жүргенінде ақбоз атымен маршал Блюхерге бүкіл дивизия алдында салют беретін аса салтанатты сәтін бейбіт өмірде қайталауы еді.

Шындықтан жалтару дегенмен жаны қас, небір жағдай болса да бетте-бет келуден қаймықпайтын өзіне аса қатал қарайтын, ұлттық намысты жоғары қоятын, сан ұлттың өкілі басын түйістірген жерде ерлігімен, аса жоғары адами қасиеттерімен қазақ ұлтының мерейін үстем еткен Бауыржан Момышұлының адами қарапайым сезімдері (мысалы, өзін майданға іздеп келген ақын жолдасы Ә. Тәжібаевты көргендегі толқыныстары, аяздың қысымынан быт-шыт боп жарылып кеткен қарағайлар туралы «бұл ешкімге иілместен тік тұрып опат болған әсем өлім екен-ау» тұрғысындағы ойы және «қатты аязда тік тұрып өлген қарағайды мадақтаған өлеңі»), оның аса зор адамгершілік тұлғасы (баласы соғыста өлген ананың жолының үлкендігін сыйлап, пәтерден бас тартуы) романның өн бойынан көрініп отырады. Тарихи тұлғаның әр ісінде бүгінгі ұрпаққа өнеге боларлық зор кісілік қасиеттер жатыр. Оның Қиыр Шығыстағы, соғыстағы өмір мектебі, ойына түйгендері, өмірлік тәжірибелері өз алдына бір батырлық, ерлік сабақтары болса, бейбіт кезеңдегі тыныс-тіршілігінің өзі тек еңбек, ізденіс, адамшылықты қалыптастыру жолындағы күрестер!

Әзілхан Нұршайықовтың сомдауындағы тарихи тұлға Бауыржан Момышұлы – бүгінгі отансүйгіш, жігерлі, саналы ұрпақты тәрбиелеудегі бірегей кейіпкер.

Тарихи деректерден, нақты шынайы оқиғалардан тұратын бұл диалог-роман шынайы өмірді сипаттап, сондай-ақ көптеген өмірлері өнегеге толы тарихи тұлғалар тұрғысынан құнды материалдарды қамтып, жас ұрпақтың жан-жақты білімі мен біліктілігін жетілдіруімен де аса құнды.

Алужан ТАУСОҒАРОВА,  
жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының доценті

Қазақ әдебиетінде журналистика мен әдебиетті етене байланыстырып, биік деңгейге көтерілген тұлға, айшықтай айтсақ, жазушы кем де кем. Тіпті, аз. Сол төңіректе бірден көкейге кең орныққан Әзілхан Нұршайықов ағамыз. Әсілі жазушы. Жазған-сызғандарының ішінде осы ойымызға жақыны, журналистиканың әдебиетке айналғаны «Ақиқат пен аңыз» атты ғұмырнамалық романы. Роман журналистің сұрақ қойып, жауап алуы арқылы ел қаһарманы Бауыржан Момышұлының асқақ бейнесін терең аша түскен.

Тіпті, түгелдей. Бауыржан Момышұлының балалық шағынан бастап астарланып айтылған ақиқат, таза мінсіз шындыққа құрылған шығарма ретінде құнды. Бауыржан атамыздың ел аузында жүрген жықпырт сөздер мен шындық бояудың қайсы екенін ажырата түскендей боласың. Батырдың жау тылындағы ерліктері, жауынгер солдаттары үшін жасаған жанкешті тірліктері романның ары қарай тез оқылуына итермелей түсетін детальдық иірімдер. Махаббатын тек Отанына арнаған, адалдығын қатаң өмірінің қағидасына құрған жауынгер тұлға «балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші Панфилов сияқты дәуір адамдарының өнегесін, майы тұстарын тұшына қабылдағанына риясыз сенесің. Жауынгер тылында жүріп өзінің қазақ екенін, қанының қасиетті екенін өзге тұлғалар алдында қасқая тұрып дәлелдегені, өзгеге өз жұртын мойындатуы өлі аруақты тіріге тұғырлы ете түсетіндей. Жас журналистің Бауыржан батырмен сұхбаттасуы, тың дерек алуы соншалықты

қиындыққа түсуі – Әзілхан жазушының (журналистің) батыр тарапынан терең зерттеліп, ұрпаққа қалдырар өнегенің сенімді адамның қолына түсуінің бірден-бір дәлелі. Шағын очерк жазуды тапсырма етіп алған азаматтың ашылмаған қазынаға тап болғанын өзі де жедел түйсініп, бел шеше кіріскені айқын көрінеді. Батырдың соғысқа дейінгі, соғыстан кейінгі ғұмыр жолы екі түрлі деп ой түйетіндер түйдегі де кездесіп жатса, романды оқу жолында Бауыржан Момышұлының туғаннан бітімі мен білімдарлығы, мінезі мен түйсігі батырға арналып туылғанын іштей сезіп, табиғат берген дала батырларының бірі екенін ұғындық. Тіл, тіл деп қақсаған сарабдалдардың үнінен батыр да өзін басымырақ па деп қалған тұстар да емес.

Әдебиет десе делебесі қозаты, батырдың сонау қан кешкен кезең Кеңес тұсында соғыс ортасында жүріп Қазақстан Жазушылар одағына жазған хаттары осы уақытқа дейін айтылып келе жатқан заман жаңғырығы сияқты. Қазақтың төрге төңіректенген жазғыштарды зіл сөздерімен түйреп, «соғыстағы солдаттарға рух беретін шығармалар жоқтың қасы. Неге жазбайсындар...» деп жарықшақтана үн беруі – азаматтықтың, ұлттық мінездің байқалмайтын көріністерінің бірі. Романды оқу барысында Бауыржан батырдың өз сиясымен жазылған «Ұшқан ұя» атты эссе романының жарқын тұстарын ұшыраттық. Батырдың өлсе өтірік айтпайтынын ескерсек, жазды деу, тіпті, әбестік. Осы тұста «Ақиқат пен аңыздың» қаншалықты шынайы, «ақиқаты» мен «аңызын» ажыратып берген туынды деп бас имеске шараң жоқ.

Райма АУЕСХАН,  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері факультетінің  
4 курс студенті

## Мәңгі өлмес махаббат тақырыбы

«ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап» жобасын насихаттау мақсатында химия және химиялық технология факультетінің аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасында шығармашылық кеш өтті. Кеш тақырыбы – талай ақын-жазушыларымыздың қолдарына қалам алдыртқан, талай ғашықтың танды көз ілмей қарсы алуына себеп болған – махаббат тақырыбы.

Бұл кеште "Махаббат, қызық мол жылдар" романының негізінде қойылған "Қыз ғұмыры" спектаклінің тұсаукесері өтті.

Топ жетекшісі, х.ғ.д., профессор Дүйсек Хайсағалиұлы басшылығымен өткен кешке кафедра оқытушылары, факультет студенттері қатысып, ақын-жазушылардың шығармашылығын бірге тамашалады. Актерларымыз тамаша ойындарымен күлдіртіп, жылата білді. Қойылымда басты рөлдерді сомдаған Самғат пен Нұргүл Ербол мен Меңтайдың кіршіксіз сезімдерінің сырларын шынайылықпен әсерлі көрсетті.

Шара барысында ақын Әзілхан Нұршайықовтың әлеміне еніп, туындыларына тағы бір тәнті болдық. Артар ауыр жүгін межесіне жеткізген, талғам, таным, шығармашылыққа деген ой, өлеңге деген көзқарас қалыптастыра

білген кеш қонақтары алған әсерлерімен бөлісті. Химия және химиялық технология факультетінің деканы, х.ғ.д., профессор Е.К. Оңғарбаев: «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы – қазақ оқырмандарының ішіндегі ғашық бола білген әрбір жүрек иесінің жастығының астына қойып, сүйіп оқитын кітабы. Шығармадағы Ербол мен Меңтай өмірде болғанымен, жазушының мұншама ғашықтықты қолдан жасап, құйып шыққан тұлғаларын сомдаған студенттерге шын көңілімнен ризашылығымды білдіремін. Өнерлерің шыңдала берсін!» – деген ықыласын білдірді.

Жазира СУПИЕВА,  
химия және химиялық технология  
факультетінің 1 курс магистранты

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

ҚазҰУ-да 13 желтоқсан күні студенттерге арналған рухани-танымдық «Алтын ұя» журналының тұсауы кесілді





**Сарқытова Әсел Мұратбекқызы** 1995 жылдың 19 шілдесінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарабұта ауылында туған. Қарабұта орта мектебінің түлегі, «Алтын белгі» иегері. «Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер газетінің жас тілшісі.

Жетістіктері: «Ақын Өтепберген Ақыпбекұлы атындағы Республикалық шығармашылық конкурс» - Бас Жұлде; «Тәу етерім - Тәуелсіздік» атты Республикалық жас ақындар мүшәйрасында жүлделі ІІ орын; «Наурыз нақыштары» облыстық жас ақындар мүшәйрасында ІІ орын; «Тіл - Тәуелсіздік асы» облыстық шығарма байқауының ІІІ орын иегері. Және түрлі аудандық шығармашылық байқаулар мен жас ақындар мүшәйрасының жеңімпазы.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің І курс студенті.

### ӨЗІМ ЖАЙЛЫ ӨЗГЕШЕЛЕУ БІР ӨЛЕҢ

Мен...  
Әуелі  
Тұнық тамшы мөлдіреген бұлақта  
Мен...  
Әуенмін  
Ұмытпашы, бойды алар кіріп құлақтан

Мен...  
Жауынмын  
Бұлағына қосылып бір тау асам  
Мен...  
Жалынмын  
Шуағымнан жылу алғын жаурасан

Мен...  
Көркеммін  
Сыр ұғып ем табиғаттан еңселі  
Мен...  
Еркеңмін  
Қылығыммен көтеретін еңсенді.  
Мен...  
Аруы  
Құла таңы қазағымның рауанды  
Мен...  
Тау ұлын  
Ұнатамын, қайтпайтұғын табанды.

Мен...  
Жалғыз (көздеме)  
Танитын жанымды бағымның  
жалынды

Мен...  
Қар қызы (өзгеге)  
Қаритын қаныңды, жауратар  
жаныңды!..

### ТІЛ ТУРАЛЫ

Туған тілін білмейді екен бір інім,  
Бөгде тілде былдырлап ол жүр бүгін.  
Асфальт дейді сұрағанға тұрағы  
Өзге тілде көріп жатыр тірлігін.  
«Тіл білмеуің қалай?» - деген сұраққа:  
- "Атам қазақ, анам қазақ бірақ та  
Тілім басқа, дінім бірдей болғанмен», -  
Күлді інішек, - ...шала қазақ болам  
мен...»

Ашу ойнап кетті сол сәт тұлғамда  
Қазақ болып, туған елде тұрғанда  
Шала қазақ дейді неге ол өзін  
Ол туғанда шала болып туған ба?  
Өз тіліңмен қайрай біл өз рухыңды  
Өз тілінде табиғат та сүйкімді.  
Анаң сенің бесік жырын айтқанда  
Ана тілде кеудеңе күмбір күй тұнды.  
Жүрегіңде от боп жанып жалындар  
Ана тілін бәрінен биік қойындар  
Өзіңді-өзің сыйласаң сонда ғана  
Сонда ғана әлем сені мойындар!  
Ана тілің - елдігіңнің айғағы,

Ана тілің - көтерген көк байрағың!  
Ана тілің күнің болып нұр шашып,  
Сәуле болып төгіледі айдағы.  
Намысыңды өзің болып қамшылап  
Үлес қосқың ана тілге тамшылап.  
Сен азатсың, еркін елдің ұланы,  
Ал ана тіл қолыңдағы шамшырақ!  
Сол шырағдан мәңгі жансын қолыңда,  
Күш-жігерді аямай төк жолыңда!  
Қазақ тілі жүрегің ғой, өйткені  
Сен қазақсың, қазақ қаны бойыңда!

### БЕРМЕЙМІН СЕНІ...

Көңілде күдік, жанымда алаң,  
Сыр тұнған жүрек елітпей ме екен?  
Өмірде жүріп жаныңдағы адам,  
Сыртыңнан күліп кемітпей ме екен?!  
Сенім дегенің бір самал жел ме  
Бағытын болжап біле алмас?  
Кегім бе деймін дудамал кейде  
Жарытып жолда жүре алмас.  
Бере салғым келеді ерік,  
Күдікке кейде санамдағы алып.  
Көре сала кетеді-ау еріп  
Үмітке лезде айнала қалып!  
Сенгім де келмейді  
Оқып ап көзбен  
Ақтаймын сені, (келмейді сенгім!)  
Бергім де келмейді ол қара көзге!  
(Жат қайғы тегі)  
Бермеймін сені!

### НЕЛІКТЕН...?

Неліктен мені...  
Ұнаттың, бір көріп ғашық боп,  
Көңілдің бүкпесін ақтардың?  
Таныстық. Артынша асық боп,  
Талайын жазыстық хаттардың.

Неліктен мені...  
Құлай шын сүйесің беріліп  
Көңілің қалса да кей күнде?  
Еңдеше тап-таза бер үміт  
Періште ақ қанат кейпінде.

Неліктен маған...  
Сәбише сенесің пәк көңіл,  
Сол көрген сәттегі бір кештен?  
Өзіңмен білемін тәтті өмір!  
(Жарқыным, қайғылы күй кешпе)

Неліктен мені...  
Кінәлай бересің бәріне  
Айтқаным өзіңе текке деп,  
Қосылмай ғашықтар әніне,  
Ренжисің, көңіл қап, өкпелеп?

Неліктен маған...  
Ренжисің, бұлданып қол сілтеп,  
Істесем өзге іс ойға ала?  
Сенікі орнымен болсын, тек  
Мендегі көңілді лайлама!

Неліктен менен...  
Бар жиған ашуды аласың,  
Күн сайын-немесе күн ары?  
Сенімнің түсірме бағасын  
Мен бе екем бәріне кінәлі?

Мен бе екем...  
Қатыссыз маған еш басқа бір  
Ойнайтын өзгенің сырымен?  
Бақытқа болатын тосқауыл  
Жолыңды бөгейтін шынымен  
Мен бе екем...?

Неліктен саған...  
Іш тарттым, танысқан күнімнен  
Қырсықпай әр айтқан сөзіңе?  
Телефон. Сөйлесіп түнімен  
Сыр айттым неліктен өзіңе?

Сезімді сөзіммен әрлесем  
Байланып мен саған қалдым ба?  
Неліктен, жарқыным, әлде сен  
Бақсыдай дуалап алдың ба?

Мейлің сен дуала, сиқырла  
Ойымды оқы да көзімнен.  
Көңілден кіршіксіз күй тыңда  
Ойнама тек мендік сезіммен...

Үйлесіп жүректің жырымен  
Тең шықсын үнің мен дауысың.  
Нәзіктің жалғанда бірі мен  
Сондықтан жылатпа, бақ ұсын!



О, қазағым, неткен ұлы ел едің,  
Байтақ мекен, мәлім көпке дерегің.  
Пейілі кең, дариядай дархан ел,  
Мен елімді бақ мекен деп сенемін.

Серпіп тастап қараңғылық түнегің,  
Тәуелсіз ел болу еді тілегің.  
Тарих бетін парақтасам сан тарау,  
Керей менен Жәнібек хан тірегім.

Небір нәубет сәтті бастан кешірдің,  
Байтақ дала ұрпаққа деп көсілдің.  
Жазу -сызу жоқ сәтте де бабалар,  
Әр ұлыңды елжанды қып өсірдің.

Міне, менің елім - осы мақтанам,  
Ұлтарактай жерді ұрпаққа сақтаған.  
Елім дейтін елің барда ер болу,  
Парыз болар ел үмігін ақтаған.

Желбіресін тәуелсіздік жалауы,  
Осы еді қазағымның қалауы.  
Тарих болсын ұмытылмас ерлігі,  
Желтоқсанның мұзда жанған алауы.

Біз жастармыз, егеменді еліміз,  
Даламыз кең, қазыналы жеріміз.  
Көгілдір ту мөлдір аспан көгінде,  
Желбірейді мәңгі осыған сеніңіз.

Біз жастармыз, арыстандай айбатты,  
Біз жастармыз, жолбарыстай қайратты.  
Үміт артып, Мағжан ата жастарға,  
Бүгін елді жастар түлеп жайнатты.

Біз жастармыз, 20 жылда жаңарған,  
Азиада алау жағып даламнан.  
ЕҚЫҰ-ға билік етіп танылдық,  
20 жылда әуелеген сан арман.

Жеңімпаздар, өсіп жатыр дарындар,  
Әрбір жылда танылуда ғалымдар.  
Өнер, спорт, өндірісте танылған,  
Біз жастармыз, жүрегіңде жалын бар!

### ТУҒАН ЖЕРІҢ - БҰЛ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН!

Көп қой менің қиялымда арнамым,  
Туған жерім сенсің менің ардағым.  
Бір көмегім тисе екен деп еліме  
Өлеңімді, жырымды саған арнадым.

Көтерілді көк жүзіне көк байрағым,  
Құлпырып гүлдей сен жайқалдың.  
Тәуелсіз елім - ағаш болсаң сен биік  
Бұлбұлың боп бұтағыңда сайрадым.

Көк аспанда көк туым желбіреді,  
Елім десем жүрегім әркез елжіреді.  
Ата-бабам қорғаған кең жерімнің  
Әрбір тасы маған ыстық дем береді.

Туған жерім бір өзіңсің тірегім,  
Қай кезде де сен деп соғар жүрегім.  
Өркендеп өс, қазағым, асқақтай бер  
Мәртебең биік болсын деп тіледім.

Ата-бабам жерімді қорғап арпалысқан,  
Ұрпағы үшін жан берісіп, жан алысқан.  
Қастерлей біл қадірле, сен жас ұрпақ  
Туған жерің - бұл тәуелсіз Қазақстан!

**Баян ШЕНГЕЛБАЕВА,**  
география және табиғатты пайдалану  
факультетінің 3 курс студенті

**Ұлбосын АБДУЛЛАҚЫЗЫ**



© Досқан БАЛАБЕКҰЛЫ



## КӨРЕРМЕНІН ӘСЕРГЕ БӨЛЕГЕН

Бір кездері Ойқудық жайлауындағы Әйгерімнің отауынан бастау алып, сахнасы «Еңлік-Кебекпен» ашылған қазақ театры – қазіргі биігі бар өнер саласы. Бастауын ежелгі Грекиядан алған бұл өнер түрі – адамды жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыйып, адамның асыл қасиеттерін дәріптейді. Бұл өнер түрін біздің қарашаңырақ ҚазҰУ студенттері ардақтап, осы ұлы өнердің дамуына өзіндік үлестерін қосуда.



Университеттегі қанаттары қатайып, биікке қанат қаққан «Біз» театрының мүшелері бүгінде өздерін жоғары деңгейде көрсетіп келеді. Бұған жуырда қойылып, көрермендердің қошеметіне бөленген драматург-жазушы Дулат Исабековтің «Әпке» қойылымы дәлел болмақ. Студенттерден құралған жас актерлар өз рөлдерін кәсіби деңгейде сомдай білді. Залдағы көрермен оқиға желісінен әсерленіп, көз жасына ерік берді. Қойылым шынайы өмірде ұшырасатын түрлі келеңсіздіктердің әсерінен туыстық қатынастағы алауыздықты, өзінің бауырларының қамы үшін өз басының қажеттіліктерін ұмытқан әпкені, өмірдегі аналардың алар орнын керемет көрсете білді. Қойылымда басты рөлдерді Гауһар Нәдірқожа, Ақерке Таменова, Салтанат Мінайхан, Сания Дәуіталиева, Сәкен Есенгелдиев, Нұрхан Өмірхан сынды жас актерларымыз ойнады. Өз кейіпкері туралы Гауһар Нәдірқожа: «Менің образым өзімнің протатипім секілді, әрине, 100 пайыз емес. Назила – өте қарапайым, бірақ өзіндік мінезі бар, әділдікті жаны сүйетін қазақы қыз», – дейді. Ал кейіпкерлерінің ұнамсыз мінездері туралы қойылымда жағымсыз кейіпкер рөлін сомдаған жас

әртіс Ақерке Таменова: «Мен жағымсыз кейіпкердің рөлін сомдадым, сол себепті оның бойында ондай қасиеттер көптеп кездеседі. Кама (Камила) – жақсы қыз, бірақ оның бойында заман ағымымен дарыған көптеген жаман қасиеттер бар. Мүмкін оны Темірбек өзгерте алар ма еді, егер әпкесінің айтқанын тыңдап, ақылына құлақ асқан болғанда», – деп өз ойымен бөлісті. «Біз» театрының сіздерге берері не?» - деген сұрағымызға Салтанат Мінайхан: «Әрине, театр өнері – қиын өнер. Бірақ берері көп... Ол бізді рухани байытып, тәрбиелейді. Бір сөзбен айтсақ, театр – мәдениет ортасы. Театрдың тек бізге емес барша халқымызға берері мол», – деп сөзін аяқтады. Осындай талантты жастарымыздың шығар асулары биіктей берсін деп, «Біз» театры ұжымынан болашақта басқа да тамаша қойылымдарды күтеміз. Елімізде театрдың қарашаңырағы М. Әуезов театры болса, ҚазҰУ қалашығында «Біз» театры бола бермек.

**Айгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВА,**  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті

## ■ КӘСІБИ БАҒДАР

Жақында ҚазҰУ Халықаралық білім беру департаменті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында Ашық есік күні болып өтті. Аталған шараға АҚШ, Испания, ҚХР елшіліктерінен арнайы қонақтар шақырылды.

Шара барысында өткен жылдарда факультетте оқып кеткен тыңдаушылар Оңтүстік Кореялық Ли Енг У, ҚХР-дан келген Джин Ян Лин және АИР азаматы Ахмадзай Мохаммад Башир тарапынан шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары атына жылы лебіздер мен алғыстар айтылды. Шетелдік студенттер мен оқытушылар дайындаған концерттік нөмірлер жиналған жұртшылық көңілінен шықты. Қонақтар факультеттің көп жылдық тарихынан сырт шертетін мұражайды аралап, келушілерге арналған қолтаңба журналына өз лебіздері мен алғыстарын жазып қалдырды.

**Г.Қ. ИХСАНГАЛИЕВА,**  
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру  
дайындығы кафедрасының меңгерушісі

На факультете журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби состоялся День открытых дверей.

Сотни школьников Алматы устремились в КазНУ сразу после занятий: на журфаке важное мероприятие – День открытых дверей. Журфак ведущего вуза страны славится своими разнообразными акциями, вот и тогда, собрав в актовом зале факультета более двухсот ребят, представители кафедры печати и электронных СМИ презентовали несколько конкурсов для абитуриентов.

Открыла встречу заведующая кафедрой печати и электронных СМИ, доктор политических наук, профессор Гулмира Султанбаева. Она рассказала об истории университета, которому в будущем году исполняется 80 лет, о юбилейных мероприятиях, которые проводятся в стенах КазНУ, а также о старте нескольких конкурсов журфака и кафедры печати и электронных СМИ для абитуриентов.

На встрече были показаны видеоролики, которые делают на телестудии сами студенты под руководством опытных преподавателей. Прозвучали аудиоролики, которые можно слышать на журфаке во время перерывов занятий. Преподаватели и студенты поведали о насыщенной жизни факультета: учеба, многочисленные культурные и спортивные мероприятия, мастер-классы с ведущими журналистами страны. Заместитель декана по науке, кандидат филологических наук, доцент Карлыга Мысаева рассказала о международных связях факультета. Заключены многочисленные договоры с ведущими вузами мира, преподаватели и студенты проходят стажировку в вузах Европы, Азии, США. Студенты журфака по программе академической мобильности объездили много стран.

В заключение встречи абитуриенты отправились на экскурсию по факультету журналистики, посетили радиостудию, побывали на телестудии университета.

**Лариса НОДА,**  
ст. преподаватель журфака КазНУ

## «МҰРАҒЕР» КЛУБЫНЫҢ ЖҮЛДЕСІ ҮШІН АШЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ



Жуырда «Мұрагер» клубының жүлдесі үшін оқытушылар мен студенттер арасында факультет ішілік чемпионат өтті.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде 2012 жылдың 17 наурызында «Мұрагер» клубы құрылған болатын. «Мұрагер» клубын құрудағы басты мақсат – ҚазҰУ-да еліміздің төл ойыны, ата-бабамыздан қалған баға жетпес құндылығымыз – тоғызқұмалақ ойынын дамыту. Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын, логикалық ойлау өнері, халқымыздың ұлттық ойыны. Осыған орай, «Мұрагер» клубының осылай аталуының да өзіндік себебі бар. Оның атауы ата-бабадан қалған асыл мұрамызды ары қарай дамытып, келесі ұрпаққа аманаттау мақсатында қойылған.

Аталмыш сайыстың қорытындысы бойынша ерлер арасында 2 курс студенті Абай Нариман 1-орынды, 1 курс студенті Серікбай Нұрлыбек 2-орынды, 2 курс студенті Нәлібек Нұрсұлтан 3-орынды иеленді. Қыздар арасында жүлделі 1-орынды 1 курс студенті Шахзадаева Мажырасын, 2-орынды 3 курс студенті Сермағамбет Үміт, 3-орынды 3 курс студенті Қайратбекқызы Ажар қанағат тұтты. Ойын жеңімпаздары «Мұрагер» клубының дипломдары және медальдарымен марапатталды.

**Алтынгүл НАГИМОВА,**  
ЭЖБЖМ-нің 3 курс студенті, «Мұрагер» клубының жетекшісі

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде рекреациялық география және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен Алматы облысы және Алматы қаласының мектеп оқушылары арасында қалалық «Өлкетану және туризм» бағытына арналған дәстүрлі Олимпиада өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты - оқушылардың география, тарих, өлкетану секілді пәндер бойынша білімдерін тексеру, өлкетану және туризм бағытына арналған олимпиада арқылы оқушылардың туған өлкесіне деген патриоттық сезімін арттыру.

Олимпиадада жалпы 11 команда бақ сынасты. Олимпиада барысында оқушылар өз білімдерін, тапқырлықтарын барынша көрсетуге тырысты. Жарысқа төрешілік еткен, рекреациялық география және туризм кафедрасының оқытушылары Артемьев А.М., Жұмаділов А.Р. оқушылардың жарысқа дайындықпен келгендігін, олардың жоғары білімдерін атап өтті.

Жүлделі 1-орынды – Алматы қаласының қазақ-түрік қыздар лицейі, 2-орынды – Есік қаласының А. Малкеев атындағы қазақ-түрік лицейі, 3-орынды №117 жалпы орта мектебі иеленді.

**Р.М. БАЙБУРИЕВ,**  
рекреациялық география және туризм  
кафедрасының аға оқытушысы,  
«Жастур» клубының жетекшісі

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекен-жай:  
kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында  
(Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 11 293

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.